

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 649 және 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 28 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің "ФУМЭКС" республикалық мемлекеттік кәсіпорынын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 649 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 22, 221-құжат):

4-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын;

2) *(күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен)*

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі